

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№23				
Күндері	07.02 - 11.02.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Техника және біз / Техника и мы / We and technique				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек л.лілі жеке меншік балабқшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, оқу үлгерімі жайлы ақпарат беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел-үсті ойыны. Мақсаты: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту.	"Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілтуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту.	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.	"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімімен киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Зеңгір аспан көгілдір (қолдарын жан-жағына созып, жоғары көтереді), Алтын күні төрінде (қолдарын алға созып, жоғары көтереді). Тамылжытып төгіп тұр (қолдарын түсіреді), Шаттық сыйлап көңілге (жүрек тұстарын ұстайды). Көк аспандай көгілдір (қолдарын жоғары көтереді). Қазақстан байрағы (қолдарын жоғары көтерген күйі, оңға-солға тербеледі), Тұрса күндей төгіп нұр (бір-бірімен қол ұстасады).				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Әр ас ішкеннен кейін кезекшілер нан сауыты мен майлық салатын ыдыстарды жинап алуларын ескерту; балалардың әр ас ішкеннен кейін қолдарын жууы, ауыздарын сумен шаю іскерліктерін дамыту; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар!	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бөрінен де мұқиятты". Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін!	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасатуға арналған ортаңғы топтағы түстерді бекітуге пайдаланылады.	"Құстар" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың тілін белсендіруді жалғастыру. Ойын ережесі: құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады. Ойын әрекеті: құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Үйдегі көмекшілер. Үй техникасы жөнінде әңгімелесу." Мақсаты. Балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника жөнінде әңгіме мазмұнымен таныстыру, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру тәртібіне үйрету. Сурет салу "Сағат". Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын, арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету. Дене шынықтыру "Үш аяқты тұлпарым (велосипед)". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуып жетуге үйрету; қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүруге жаттықтыру. <i>"Допты қуып жет" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Кір жуу машинасы". Мақсаты. Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау көзінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. <i>"Қанша кір жуғыш машина бар?" дидактикалық ойыны.</i> Математика негіздері "Дастархан жаю дәстүрі". Мақсаты. Балаларды екі түрлі зат топтарын салыстыруда тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, салыстыру нәтижесін айтқызып үйрету; жазықтықтағы сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, төмен жақтарын анықтап, жаттығулар орындауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін дамыту. <i>Үстел басындағы дамыту жаттығу. "Дастарқан жаямыз".</i> Вариативті компонент/ Дидактикалық ойындар	Дене шынықтыру "Велосипедтер зырылдайды". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету; балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету. <i>"Қоңыздар" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Диван". Мақсаты. Балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара түрлі орналастырып, диванды жасауға үйрету; кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру. <i>"Ойыншықтарға диван құрастырайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Музыка "Таза болайық". Мақсаты. Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту. <i>"Таза көйлектер" ойыны.</i> Қоршаған ортамен танысу "Үтіктің қасиеті". Мақсаты. Балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту; үлкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; техника және адам туралы ұғым беру. <i>Дидактикалық ойын: "Тұрмыстық техника түрлерін ата".</i>	Жаратылыстану "Қар тазалаушы трактор". Мақсаты. Балалардың қардың және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. <i>"Тракторды құрастыр" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Велоипед теуіп көрдіңдер ме?" Мақсаты. Балаларда екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын бекіту; гимнастикалық шеңбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту. <i>"Гимнастикалық шеңбердің арасынан өту" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Ауа райын бақылау. Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтай алу іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау). Мақсаты: сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз", "Біз көңілді балалармыз". Мақсаты: ойында мәтінді анық айтуға үйрету; ойын ережелерін сақтау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секіргіштер". Мақсаты: алға секіруді үйрету.	Құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстарға күтім жасау; айрықша белгілерді таба отырып, сауысқан мен торғайды салыстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар сырғанағының құрылысы.) Мақсаты: қарды үйіп жинауға және оны күректермен таптауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай". Мақсаты: құстарға тән қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; олардың дауыстарына еліктеуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Күнді бақылау. Мақсаты: күннің қайда шығатыны және қайда жасырынатыны туралы білімдерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолды қардан тазарту). Мақсаты: басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге үйрету; жұмысқа деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Құстар мен мысықтар". Мақсаты: ережелерді сақтау арқылы ойнауды үйрету; ептілікті, зейінді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жоғары лақтыр". Мақсаты: допты жоғары лақтырып, оны қағып алуға үйрету; зейінді дамыту.	Қарды бақылау. Мақсаты: балаларға қардың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды тазарту.) Мақсаты: шелектегі қарды жинап, өсімдіктерді сумен суару үшін топқа әкелу; жолдарды тазартуға нұсқау беру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұлпа қарлар", "Кім жалауға тезірек жүгіреді?" Мақсаты: нақтылықты, ептілікті, жылдамдықты, тапқырлықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Кім жоғары секіреді?" Мақсаты: биіктікке секіруді үйрету, күш пен ептілікті дамыту.	Қардың түсуін бақылау. Мақсаты: маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту). Мақсаты: жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". Мақсаты: өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". Мақсаты: дәлдікті дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Балалармен жеке жұмыс	жеке-дара жұмыс				
Үйге қайту	Ата-анамен жұмыс				